



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Ағылшын тілі һәм әлемдік әдебиет





Мақсаты: ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасыр басындағы ағылшынтілді әдебиеттің негізгі тенденцияларын айқындау, ағылшын тілінің мәдени институт ретіндегі тарихи орнын саралау.

Тірек сөздер: ағылшын тілі, әдебиет, әдеби сын, империя, ұлт, ұлттық бірегейлік, кіші ұлттар, дискурс, иммиграция, постколониализм.

Джулия Ривкин – Коннектикут колледжінің профессоры; Зерттеу нысаны – Америка әдебиеті, қазіргі заманғы әйел жазушылардың шығармашылығы және әдебиет теориясының мәселелері.

Майкл Райан – Темпл-университетінің кино және медиа-өнер саласы бойынша профессоры. Ол бірнеше теориялық еңбектерді, екі романның авторы, әрі «Саясат және мәдениет» журналының шығарушыларының бірі.

Бүгінде қос автор тарапынан құрастырылған бұл антология Оксфорд, Кэмбридж, Гарвард сынды батыстың беделді оқу орнында оқытылады. Антологияның басты ұстанымы – көркем сөзді танудың құрылымдық табиғатынан шығады, яғни жинақ авторлары талдау барысында ХХ ғасырдың ортасында гуманитарлық ғылымдардың пәлсафалық, идеялық негізіне тікелей әсер еткен құрылымдық тәсілді негізге алады.

Тарихи жиырмасыншы ғасырдың 60–70 жылдарынан бастау алатын әдебиеттану ғылымындағы бұл бағыттың әдістемелік ұстанымдары Соссюрдің құрылымдық лингвистикасы мен орыстың формалистік мектебіне негізделгені мәлім. Структурализмнің Францияда өркен жайған мектебі (Клод Леви-Строс, Ролан Барт) көбіне философиялық сипат алғандықтан структурализмнен постструктурализмге жеңіл өтті. Бұл жерде (Р.О. Якобсон, Ю. Лотман) семиотикалық зерттеу тәсілінің де структурализмнің негізін құрағанын айта кету керек. Ал Мәскеудегі құрылымдық поэтиканың басты өкілдері ретінде Вяч. Вс. Иванов, В.Н. Топоров, Б.А. Успенский, А.М. Пятигорский, Ю.М. Лотман, З.Г. Минц, Б.М. Гаспаров, П.А. Рудневтерді атап өтуге болады. Бұл тәсілдің басты бағыттары ретінде – құрылымдық лингвистика немесе құрылымдық лингвопоэтика /Якобсон/, құрылымдық антропология /Леви Стросс/, құрылымдық таным/Фуко/, семиотикалық талдау негіздерін /Пирс, Моррис, Коненгагенский/ атауға болады.

Әдебиеттің құрылымдық табиғатын тануда отандық ғалымдардың да еңбектері жетерлік. Бұл санатта А.Л. Жовтис, Х.Н. Садыков, А.Е. Кулумбетова, Н.Ж. Сагындыкова, А.С. Исмакова, Б.А. Жетписбаева, Т.У. Есембеков, Б.К. Майтанов, А.Ж. Жаксылыков, С. Ашимханова, В.В. Бадиков, К.Р. Рустемова, Г.М. Мучник, В.В. Савельева, Х.А. Адибаев, Сафронова сынды т.б. әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектері көркем сөзді танудағы жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданатынын атап өтуіміз керек.

Сонымен сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған дәрісте бүгінде күн өткен сайын пікірталас ордасына айналып келе жатқан әдебиеттегі тілдік, мәдени танымның өзіндік спецификасы мен оның әдебиеттегі орнын айқындауға сеп болады. Сонымен бірге, дәріс мазмұны жаһандық мәдениет, пәлсафа, психология, әлеуметтану, антропология саласындағы гендерлік ізденістердің әсерін де қамтиды.

Ұсынылып отырған дәріс гуманитарлық сала мамандарын, дәлірегі, қазіргі дискурс табиғатын танушыларды, жаһандану теориясын зерттеушілер мен әлеуметтанушыларды, филологтар мен психологтарды қызықтыруы бек мүмкін.

Ендігі кезекте осы дәріс аясында сіздер қазіргі әдеби сынның беталысы мен ағылшынтілді әдебиеттің тарихы және кезеңдік ерекшеліктеріне қатысты зерттеуші мамандар тұжырымдарымен, ұлттық әдебиеттің болмысымен таныс боласыздар.

Ағылшын тілі және мәдени институттар

Тілдің әлемдік мәдениет пен әдебиетке, жалпы адамзаттың дамуына әсері орасан. Кітап авторлары Джулия Ривкин мен Майкл Райан бұл еңбектерінде ағылшын тілін тарихи әрі мәдени контексте қатар қарастырған. Тақырыпқа сәл шегініс жасап, «ағылшын тілін» тіл атауы емес, ұғымдық жағынан баяндайық. Әдетте, Еуропаның батыс жағалауындағы оңтүстік шығыс



диалектінен туындаған әдеби дәстүрді «ағылшын тілі» деп атау қалыптасқан. Бұл әдеби дәстүр ғұмыры 2000 жылға созылған Орта теңіздің екі түбегінде қалыптасқан «классиканы» ығыстырып шығарды. Олай болуының себебі, ол тілдегі мәтіндер XIX ғасырдың соңында Ұлыбританиядағы жас ғалымдарды мәдени сауаттандыруға қолданған тіл ретінде болғанымен байланысты. Студенттер бүгінде Гомер, Эсхил, Пиндар, Сенека мен Цицеронның орнына Шекспирді, Милтонды, Попты, Уордсуортты және Элиотты оқиды. Егер Ұлыбритания айбарлы ұлы империя болмағанда, бұл өзгерістің әсері анау айтқандай ауқымды болмас еді деп санайды авторлар. Елдің империялық статусының арқасында «ағылшын тілі» жаһандық деңгейдегі қуатты мәдени институтқа айналды. Әлемдік білім беру бәсекесіндегі қазіргі жағдай да мұның айқын дәлелі. Қоғамдық жүйенің қайсыбір саласын алсаңыз да, ағылшын тілінің басымдығы тайға таңба басқандай анық байқалатынын баршамыз көріп те жүрміз.

Кітап авторлары Ұлыбританияның асығы алшысынан түсіп тұрған кезеңдерде ағылшын тілі әлемнің басым бөлігінде мәдени, саяси және экономикалық тұрғыдан үстемдік еткенін, басты мәдени құрал болғанын алға тартады. Сонымен қоса, авторлар: «Адамдардың өміріндегі өзгерістер мен олардың өз топырағынан көшірілуі ағылшын әдебиетінің дәстүрінде дәріптелген ізгі құндылықтарға соншалықты кереғар болатын және үлкен ауыртпашылықтардан тұратын. Африкалықтардың Кариб аралдарына және солтүстік Америкаға құл ретінде жеткізілуі – осы қарама-қайшылықтың ең айқын әрі жан түршігерлік мысалы. Империяның жасаған зұлымдықтары (АҚШ құлдық жүйесін ішкі империализм түрі деп қарастыратын болсақ) соңында осы империяны құлатып тастайтын жағымсыз энергияның пайда болуына және «ағылшын» тілі институтының орнына келетін өзге институттың дәнегінің себілуіне сеп болды» деген тұжырымға келеді.

Осындай тұжырымнан соң антология авторлары «Ағылшын тілі мен отарланған елдер әдебиеті» тақырыбын қозғайды.

Асылында, тілдік жүйедегі сөздік қор саясиландыруға келмейтін жайт. Ағылшын тілі туралы да соны айтуға болады. Сол тұрғыдан алғанда, ағылшын сөздері тіл және мәдени институт ретінде империяның тарихынан бөлек қарастырылуы мүмкін емес болса да, оны тек империялық құрал ғана болды дей алмаймыз. Бірақ тіл дамуын, әсіресе, осы тақырыпқа арқау болып отырған көркем тілдің болмысын тарихи факторлар мен тарихи дәйектерден бөлек қарастыруға тіпті де келмейді. Шынтуайтында, ағылшын тілі өз алдына және сол тіл қалыптастырған мәдени кеңістік – отарлық сананың қалыптасуына да айтарлықтай ықпал етті. Солай бола тұра, белгілі бір кезеңнен соң ағылшындардың да статусы өзгеріске ұшырап отырды. Өйткені Австралиядан Африкаға және солтүстік Америкаға ауысқан байырғы әдебиеттер ағылшын дәстүріндегі мәдениетпен иық тірестіруді мақсат етті. Кей жағдайда оза шапқан туындылар да дүниеге келді. Бұл жерде аталған жылымықтың XX ғасырдың кейінгі жартысына тап келген ресми империяның күшінің аяқталуымен және саяси, кейде экономикалық, күштердің бастапқыда отарланған халықтың қолына өтуімен де тікелей байланысты екенін айта кету керек.

Бұл аталған тарихи жағдайлар көркем әдебиетке, оның зерттелуі мен оқытылуына айтарлықтай өзгерістер алып келді. Отарланған елдер өздерінің ұлттық һәм мәдени бірегейліктің постимпериялық түсінігін анықтап беруге тырысып, өзіндік әдебиетін қалыптастырды.

Джулия Ривкин мен Майкл Райан бұл құбылысты нақты мысалдармен баяндайды. Империялық шеңбер аясында қалыптасқан әдеби мектептерге тоқталған кітап авторлары: «Бұл шептің бір жағында Форстердің «Үндістанға сапар» немесе Киплингтің «Ким» еңбектері тұрса, оның екінші жағында Райстың «Үлкен Саргассо Теңізі» мен Кинкейдтің «Кішкентай орыны» тұр. Бұған қоса әрбір отарланған ел өзінің мәдени азаттығын сақтау үшін өз әдебиетін жасап жатты. Бұл ретте африкалық жазушылар Воле Шойинка мен Нгуги Ва Тхионго туындыларын ерекше атап өту қажет. Империялық елдердің мәдени кеңістігінде Африкадан көшіріліп әкелінген отар елдердің туындыгерлері де жаңа өзіндік әдеби дәстүрді дамытты. Солардың ішінде өздерінің тағдырынан мән іздеген және өздері көрген нәсілшілдікті баяндайтын Лэнгстон Хьюздің поэзиясын, Тони Моррисонның романын ерекше атауға болады. Дәл сол секілді әлемнің барлық түпкірлерінде тарыдай шашылып кеткен диаспоралық жағдайдағы халықтардың барлығы да Ұлыбритания сияқты негізгі мәдениет ағымдарын қатаң бақылауда ұстайтын жерлерде өздерінің мәдени және ұлттық бірегейлігін табуға талпына бастады.



1960 жылдар жаңа өзгерістер лебін алып келді. Кариб аралдары тәрізді бұрынғы отар елдердегі ағылшын әдебиеті жергілікті мәдениеттің ықпалына төтеп бере алмады. Ұлыбритания мен оның бұрынғы отарлары және патшалық құрамындағы автономиялық мемлекеттердегі жағдай да осындай халде еді.

АҚШ-та ағылшын әдебиеті ұзақ уақыт бойы ескерусіз келген, афро-америкалық бағдарламалар деген атауға ие болған африкан-америкалық жазбаларының түрін дамытып жатты. Институционалдық деңгейдегі және пәннің пәндік анықтамасы дәрежесіндегі мұндай өзгерістер әдеби сынды дамытуға өзіндік үлесін қосты. Аталмыш кезеңдегі әдебиеттанушы ғалымдар Еуропа дәстүрінен гөрі отарлау дәуірінен кейінгі туындыларды талдауға басымдық берді. В.С. Найпол немесе Надин Гордимер тәрізді жазушылардың туындыларына жасалған анализдер соның бірден-бір айғағы.

Джулия Ривкин мен Майкл Райан ағылшын институтының өз институционалдық билігінің кейбір түрін ақырындап жоғалтып жатуының себебін кіші ұлттардың ұлттық әдебиетіне тереңдеуімен байланыстырады. Ол тұрғыдан алғанда ағылшын әдебиеті әу баста империялық езгімен байланысты болғандықтан, ізгі құндылықтар мен үлгі боларлық мінез-құлықтың қайнар көзі бола алмайтыны да өз-өзінен мәлім жайт еді. Сонымен бірге ағылшын тілі екінші мыңжылдықтың басында кіші ұлттардың немесе қарусыз халықтардың тілдерін күштеп ығыстырып шығарған тіл ретінде өзінің беделінен айрыла бастады. Ғалымдар көптеген ағылшын әдебиетіндегі туындылардың басым бөлігі, соның ішінде Шекспирдің «Калибанынан» бастап, Бронтеңің «Рочестер мырзасына» дейін, өзге өңірлерге және өзге ұлттарға қатысты жалған сенімдер мен пікірлерді таратып отырғанына, сонысымен империяның саясатын іске асыруға атсалысқанына назар аудара бастады. Эдвард Саидтің «Ориентализм» (1978) атты жаңашыл шығармасында көрсетілгендей, осы сынды сенімдер мен пікірлерді тарату романдардан бастап география мен филология бойынша жазылған ғылыми еңбектерді де қамтыған, жеткілікті дамымаған немесе икемсіз және батыстық патерналистік көмекке зәру өзге халықтар туралы дискурсивті құрылым жасауға бағытталған үлкен үрдістің тек кішкентай ғана бөлігі еді. Үстемдік үрдістеріне назар аударудың қай-қайсысы болса да осы үстемдікке көрсетілген қарсылыққа деген қызығушылықтың артуына әкеледі.

Ал 1980 жылдары отарлық кезеңдегі және отаршылықтан кейінгі кезеңдегі әдебиетке көп көңіл аударыла бастағандықтан, отарлаушы мен отарланушының күрделі қатынас басты тақырып болды. Бұл тұрғыда бірден назарға іліккен туындылар қатарында Хоми Бхабханың шығармашылығы мен «Империя қайта жауап жазады» атты ұжымдық жинақты атауға болады. Осы бағытта жазылған кейінгі еңбектер, әсіресе Пол Гилройдың «Қара Атлант мұхиты», (1993) шығармасы, ұлтаралық немесе өңіраралық шектеулерден алыстап, ұлт пен ұлт арасындағы және өңіраралық мәдени байланыстарды түсінуге ыңғайланды. Кариб аралдарынан Нью Йоркке дейін, Нью Йорктен Лондонға дейінгі аумақта болған қаралар мәдениетінің ықпалы мен олардың көштері дәстүрлі әдеби шектеулерді басшылыққа алмайтын және осы себепті енді жаңа ұлттық емес әдеби сын түрлерін жасап шығаруды талап етті.

Осындай үлкен және сан алуан ұлттық, отаршылықтан кейінгі және халықаралық бағыттағы ерте зерттеулердің дені кейінірек структурализм, феминизм және постструктурализм мектептерінің ықпалымен сыни көзқарастары қалыптасқан ғалымдар тарапынан қайта сүзгіден өтті.

Ұлт болмысы туралы туралы зерттеулердің дені осы кезеңде дүниеге келді. Бұл туралы кітап авторлары төмендегідей пайым жасайды: «Дюбуа мен Фанон сияқты алғашқы анти-империалистік ойшылдар этникалық бірегейлік немесе дәстүрлі «халық мәдениеті» деген сияқты нақты бір сұрақты шешуге бағытталмаған (жай баяндайтын) тақырыптарда қалам тартса, кейінгі ойшылдар нәсілдік және нәсілшілдік идеологиялардың изоморфизмі туралы жазды және ауытқушылықтардың, өзгерістердің және уақытша шежірелік құрылымдардың жиі ықпалына ұшырап отыруы мүмкін ұлттық бірегейлік секілді түсініктердің табиғатын өзгеріссіз деп ұғыну қате екені туралы жазатын болды». Әлбетте, аталған тұжырыммен толықтай келісуге болады. Себебі ұлттық бірегейлік, ұлттық таным деген ұғымдар тіл табиғаты тәрізді тірі организм ретінде қалыптасып, дамып отырады.

Қуғындау, туған үй және диаспора секілді ұғымдарды соңғы уақытта сыни тұрғыда талдау постструктуралистік мектептердің бірегейлік туралы түсініктерін қалыпты қабылданған



түсініктер деп қарастыру дұрыс емес деген көзқарасының ықпалымен жүргізілді. Мысалы, Африкадан, Азиядан және Кариб аралдарынан шыққан, бірақ Ұлыбритания сияқты бұрынғы империялық орталықтарда өмір сүретін жазушылар мен ғалымдар осы бағытта еңбектенді. Дюбуа бірінші болып осындай түсініктердің қиындық тудыратын жағын қарастырды. Ол бұл түсініктердің «екі жақты» болатынын айтты. Мысалы, бір адам бір уақытта америкалық бола тұра, қара нәсілді де бола алады, біреу бір ұлтқа адал бола тұра, сол ұлттың ішіндегі аз этникалық топқа жататын болғандықтан, теріс пікірлердің құрбаны болуы мүмкін. Фанонның түсінігінде бұл екі жақтылық басқа қырынан ашылады. Ол екіжақтылықты отарланған перифериядан империялық орталықтарға сапар шегушілердің өзінің төл мәдениетінің кемшілдігі себебінен империялық мәдениетті қабылдағандар тұрғысынан қарастырады. Олар еңбектерін жазған тұс олардың буынындағы адамдардың Ұлыбритания сияқты империялық орталықтарды өз Отанындай сезінуі қалыпты жағдайға айналған кездерге сәйкес келгендіктен, екіжақтылық билатералды параллельді мәдениеттер сезімін және бірнеше мәдениетке тиесілі болу сезімін береді. Ол сезім әртүрлі бірегейлікті тудырады, ол бірегейлік стандартты емес, қалыпты емес және бірегейліктің бір түріне қарағанда дұрысырақ та емес. Осындай өзгеше тәжірибенің нәтижесінде, әрине, бірнеше тілдердің пайда болуы ықтимал.

Сөз соңы немесе мәселенің келешегі

Әлеуметтік теңсіздік, нәсілшілдіктің әбден қанға сіңген мәселелерін осы тұрғыдан қарастырудың қандай жолдары бар? Нәсілшілдік тақырыбына қалам тартып жүрген мамандар бүгінгі жаһандық бірегейлік идеясының өзі осы мәселені түбегейлі шешіп береді дегенге үлкен күмәнмен қарайды. Кезіндегі Мартин Лютердің азаматтық бастамасының жаңғырығындай көрінген бүгінгі нәсілшілдік дискурсы, көп жағдайда, әсіре сілтеушілердің консервативтік түсініктерін ақтап алуға қолданылады. Мәселені қорыта келе, Д. Ривкин мен М. Райан нәсілшілдік тұжырымы қалыптасуының прагматикалық мәні бар дей келе, оны саяси негізі бар нақты мәдени, ұлттық қайшылықтармен байланыстырады.

Сонымен қоса, авторлар, АҚШ-тағы ағылшынтілді емес этникалық топтардың көбеюде, мәдени институт тұрғысынан ақтар мен ағылшындардың ықпалы күрт азаюда екенін де тілге тиек етеді. Әлбетте, бұл мәдени контексте жаңа дискурстарды қалыптастырады.

Бірнеше ғасырлар бойында көптеген жерлерде кешенді академиялық институт ретінде оқытылып келе жатқан ағылшын тілі үшін осы өзгерістердің бәрі нені білдіреді? Жоғарыда айтқанымыздай, әдебиет тарихи дәйектердің көркем шежіресі. Ал осы өзгерістердің өзі көркем шежіреге айналып келе жатса, оны зерттейтін мамандар қандай негізде білім алуда? Бұл ең әуелі, афро-америкалық әдебиетінің мамандарына немесе отарлаудан кейінгі кезеңді арнайы зерттейтін мамандарға деген қажеттіліктің артатындығын білдірсе керек. Сонымен бірге, кітап авторлары, осы жайтқа орай, ағылшын тіліндегі кем дегенде XX ғасырдағы әдебиетті қайта қарастыруды ұсынады. Әрі сол арқылы Ұлттар достастығы әдебиетін қатар алып жүруді ұсынып, бұл африкалық және өзге этникалық әдебиет өкілдерін молынан қамтып, Америка әдебиетінің канондарын қайта қарастырудың методологиясын қалыптастыру қажеттігін де білдіреді деген тұжырымға тоқтайды.

Тақырыпты пысықтауға арналған бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттердің даму тарихындағы тілдің орнын қалай ұғынасыз?
2. Тарихи факторлар тұрғысынан алғанда ағылшын тілінің бүгінгі әлемдік рөліне көз-қарасыңыз қалай?
3. Ағылшын тілін отарлаушы тіл ретінде қарастырған дұрыс па?
4. Тілдегі ұлттық бірегейліктің, ұлттық кодтың белгісін қалай анықтауға болады?



Әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan. *Literary Theory: An Anthology. Third Edition.* – Город: John Wiley & Sons, 2017. – 1640 p.
2. Исламова А. К. Постмодернизм и английский роман // Вестник С.-Петербургского университета. Сер. 2. История, языковедение, литературоведение. – СПб., 1998. – Вып. 1. – 66-77 б.
3. Михальская Н. П., Аникин Г. В. *История английской литературы.* – М., 1998. – 511 б.
4. Попова М. К. *Аллегория в английской литературе средних веков.* – Воронеж, 1993. – 150 б.
5. Соловьева Н. А. Вызов романтизму в постмодернистском британском романе // Вестник Московского университета. Сер. 9. Филология. – М., 2000. – № 1. – 53-67 б.